

"Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қорының шотын Қазақстан Республикасының Халық банкіне аудару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 ақпан N 212. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.02. N 1225 қаулысымен. ~P981225

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қорының есеп айырысу шоттары /валюталық және теңгелік/ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінен Қазақстан Республикасының Халық банкіне аударылсын.

2. Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласында орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы N 1582 P951582_ қаулысымен /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 462-бап/ бекітілген "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қоры туралы Ережеге екі апта мерзімде өзгерту енгізілсін.

3. Аталған қаулының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне қатысты бөлігінде 3 және 4-тармақтардың күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі